20491205887

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 қазан № 4360-23-00-2/2440 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Сансызбаева А.М., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облыстық білім басқармасының «Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинет)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«NSS» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мансурбек Турсунбекович Абдукадиров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облыстық білім басқармасының «Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинет)» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «NSS» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мансурбек Турсунбекович Абдукадировты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «NSS» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мансурбек Турсунбекович Абдукадиров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «NSS» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мансурбек Турсунбекович Абдукадировты мемлекет кірісіне 3 387 (үш мың үш жүз

сексен жеті) теңге тұрақсыздық айыбын және 1 827 (бір мың сегіз жүз жиырма жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Сансызбаева А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.12.2023, судья Елшібеков Б. Е., 14.12.2023

4360-23-3-1/2606